

## **Халықты жұмыспен қамту туралы**

Қазақстан Республикасының Заны 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 482-В ҚРЗ.

**РҚАО-ның**

**Осы Заңың**

**колданысқа**

**еңгізілу**

**тәртібін**

**39-баптан**

**ескертпесі!**

**Колданушылар**

**Колданушыларға ыңғайлы болуы үшін РҚАО мазмұнды жасады.**

**қараңыз.**

**назарына!**

Осы Заң халықты жұмыспен қамту саласындағы құқықтық, экономикалық және ұйымдық қатынастарды реттейді.

### **1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

#### **1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар**

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) әлеуметтік жұмыс орны – жұмыс беруші жұмыссыздардың жалақысын субсидиялау арқылы оларды жұмысқа орналастыру үшін халықты жұмыспен қамту орталығымен шарт негізінде құратын жұмыс орны;
- 2) әлеуметтік келісімшарт – жұмыссыздар, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматы не оралман, сондай-ақ осы Заңда көзделген жағдайларда өзге адамдар мен халықты жұмыспен қамту орталығы арасындағы, ал осы Заңда көзделген жағдайларда, жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын ұйымдастыруға тартылған жеке және заңды тұлғалармен таралтардың құқықтары мен міндеттерін айқындайтын жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысу, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсету туралы келісім;
- 3) бос орын – жұмыс берушідегі бос жұмыс орны (лауазым);
- 4) еңбек нарығы – жұмыс күшіне сұраныс пен ұсынысты қалыптастыратын сала;
- 5) әлеуметтік еңбек саласының бірыңғай ақпараттық жүйесі – халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілді органын, халықты жұмыспен қамтуудың жергілікті органдарының, халықты жұмыспен қамту орталықтарының, еңбек ресурстарын дамыту орталығының қызметін автоматтандыруға және әлеуметтік-еңбек саласында халыққа мемлекеттік қызметтер көрсетуді ұсыну мақсатында ведомствоаралық өзара іс-қимылға арналған аппараттық-бағдарламалық кешен;
- 6) еркін таңдап алынған жұмыспен қамту – Қазақстан Республикасы азаматтарының, оралмандардың, Қазақстан Республикасында тұратын шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың еңбекке, кәсіп пен қызмет түрін тандауға қабілеттін еркін пайдалану арқылы өздері таңдап алған қызметі;
- 7) жалақыны субсидиялау – халықты жұмыспен қамту орталығының жолдамалары бойынша әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналастырылған жұмыскерлердің еңбегіне жұмыс берушінің ақы төлеуге жұмсаған шығындарының бір бөлігін өтеу;
- 8) жаңа жұмыс орны – жаңа мекемені (ұйымды), кәсіпкерлік субъектісін (тоқтату арқылы құрылғаннан басқа) құруға байланысты құрылған немесе жұмыскерлердің санын арттыру, сондай-ақ жұмыскердің жаңа білімін, дағдылары мен ептілігін талап ететін өндіріс технологияларын жаңғырту немесе өзгерту арқылы құрылған жұмыс орны;
- 9) жастар практикасы – техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оку орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының тұлектері алған кәсібі (мамандығы) бойынша бастапқы жұмыс тәжірибесін жинақтау мақсатында жүзеге асыратын еңбек қызметінің түрі;
- 10) жұмыспен қамтуудың жекеше агенттігі – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелген, жұмысқа орналастырудың делдалдық көрсететін жеке немесе заңды тұлға;
- 11) жұмыс күші – жұмыспен қамтылған және жұмыссыз халық;
- 12) жұмыс күші құрамына кірмейтін адамдар – жұмыспен қамтылмаған немесе жұмыссыз болып табылмаған адамдар;

- 13) лайықты жұмыс – кәсіптік даярлығына, еңбек етіліне және бұрынғы мамандығы бойынша еңбек тәжірибесіне, денсаулық жағдайына, жұмыс уақытының режиміне, жұмыс орнына көліктің қолайлығына сәйкес келетін, соның ішінде уақытша сипаттағы жұмыс;
- 14) жұмыс орны – еңбек қызметі процесінде жұмыскердің еңбек міндеттерін орындауы кезінде оның тұрақты немесе уақытша болатын орны;
- 15) жұмысқа орналастыру – халықтың жұмыспен қамтамасыз етуге септігін тигізуге бағытталған үйымдық, экономикалық және құқықтық іс-шаралар кешені;
- 16) халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсененді шаралары – жұмыссыздар, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтарын және оралмандарды, сондай-ақ осы Занда көзделген жағдайларда өзге адамдарды халықты жұмыспен қамту туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылатын жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау және халықты жұмыспен қамту, мемлекеттік қолдау шаралары;
- 17) халықты жұмыспен қамту – Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін, жалакы немесе кіріс әкелетін жеке және қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыруына байланысты еңбек қызметі;
- 18) жұмысқа орналастырудың жеке картасы – жеке бас деректері, жұмыспен қамтылу тарихы, ұсынылатын және іске асырылатын іс-шаралар, жұмыспен қамтуға жәрдемдесу мақсаты және олардың орындалуы қорсетілетін құжат;
- 19) жұмыссыздар – жұмыспен қамтылған халыққа жатпайтын, жұмыс ізден жүрген және еңбек етуге дайын адамдар;
- 20) жұмыссыздық – жұмыс күшінің бір бөлігінің еңбек нарығында қажет болмауынан туындайтын әлеуметтік-экономикалық құбылыс;
- 21) жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау – Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекет жүзеге асыратын шаралар кешені;
- 22) жұмысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемдер – өздеріне әлеуметтік аударымдар жүргізілген міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушысы болып табылатын, жұмыссыз ретінде тіркелген адамдардың пайдасына Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры жүзеге асыратын төлемдер;
- 23) әлеуметтік кәсіптік бағдарлау – адамның кәсіптік білімін, дағыларын, қызығушылықтарын және еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, кәсіп тандауда, кәсіп түрін ауыстырудың және біліктілігін арттыруды практикалық көмек қорсетуге бағытталған өзара байланысқан іс-шаралар кешені;
- 24) кәсіптік оқыту – осы Занда көзделген жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шаралары шенберінде жаңа мамандықтар (кәсіптер) алу мақсатында білім беру үйымдарында не жұмыс берушілер үйымдарының жаңындағы білім беру қызметіне құқығы бар оқу орталықтарында кәсіптік даярлауды, қайта даярлауды және біліктілігін арттыруды қамтитын оқыту;
- 25) корпоратившілік ауыстыру – Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде орналасқан және әрекет ететін, Дүниежүзілік сауда үйымына мүше елдің аумағында құрылған заңды тұлғада басшы, менеджер немесе маман лауазымында еңбек қызметін жүзеге асыратын шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды осы заңды тұлғаның Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған филиалдарына, еншілес үйымдарына, өкілдіктеріне еңбек шартында айқындалған, бірақ үш жылдан аспайтын мерзімге, бір жылға ұзарту құқығымен уақытша ауыстыру;
- 26) қоғамдық жұмыстар – халықты жұмыспен қамту орталықтары үйимдастыратын, жұмыскердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, олардың уақытша жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету үшін әлеуметтік пайдалы бағыттағы еңбек қызметінің түрлері;
- 27) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры – міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушысы – асыраушысынан айырылған жағдайда оның асырауындағы отбасы мүшелерін қоса алғанда, әлеуметтік қатер жағдайы туындаған міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушыларына әлеуметтік аударымдарды шоғырландыруды және төлемдерді жүргізетін заңды тұлға;

- 28) мүгедектерді жұмысқа орналастыруға арналған арнайы жұмыс орындары – мүгедектің жеке мүмкіндіктері ескеріле отырып жабдықталған жұмыс орындары;
- 29) өзін-өзі жұмыспен қамтығандар – табыс алу үшін тауарлар өндірумен (өткізумен), жұмыстар мен қызметтер көрсетумен дара айналысатындар, өндірістік кооперативтер мүшелері, отбасылық кәсіпорындардың (шаруашылықтардың) және жалдамалы жұмыскерлердің енбекін пайдаланушы жұмыс берушілердің енбекақы төленбейтін жұмыскерлері қатарындағы жеке тұлғалар;

**РҚАО-ның ескертпесі!**

**30) тармақша 01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі - КР 06.04.2016 № 482-V Заңымен.**

- 30) өз бетінше жұмысқа орналасу үшін біліктілігінің сәйкестігі туралы анықтама – халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган айқындастының тәртіппен Қазақстан Республикасында жұмысқа өз бетінше орналасу үшін экономиканың басым салаларындағы (экономикалық қызмет түрлеріндегі) сұранысқа ие кәсіптер бойынша біліктілік талаптары және білім деңгейі сәйкес келетін шетелдікке немесе азаматтығы жоқ адамға берілетін белгіленген нысандағы құжат;
- 31) ұзаққа созылған жұмыссыздық – ұзақтығы он екі және одан да көп айға созылған жұмыссыздық;
- 32) халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті орган – өнірлік еңбек нарығындағы ахуалға негіздей отырып, халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің бағыттарын айқындастының ауданың, облыстық маңызы бар қалалардың, облыстың, респубикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының құрылымдық бөлімшесі;
- 33) халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халықты жұмыспен қамту саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;
- 34) халықты жұмыспен қамту орталығы – ауданың, облыстық және респубикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдың жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын іске асыру және жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғауды және осы Заңға сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің өзге де шараларын ұйымдастыру мақсатында құратын мемлекеттік мекеме;
- 35) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызмет көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған занды тұлға;
- 36) шетелдік жұмыс құшін тартуға арналған квота – Қазақстан Республикасының аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін жұмыс берушінің тартуына рұқсат етілген шетелдік жұмыс құшінің шекті саны;
- 37) шетелдік жұмыс құшін тартуға рұқсат – Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс құшін тарту үшін жұмыс берушіге жергілікті атқарушы орган беретін белгіленген нысандағы құжат.

## **2-бап. Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасы**

1. Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.
2. Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының азаматтарына, оралмандарға, Қазақстан Республикасында тұратын шетелдіктерге, азаматтығы жоқ адамдарға қолданылады.
3. Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар осы Заңнан басым болады және халықаралық шартта оны қолдану үшін заң шығару талап етілетін жағдайларды қоспағанда, тікелей қолданылады.

### **3-бап. Халықты жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары**

Халықты жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік саясат толық, өнімді және еркін таңдал алынған жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге бағытталған және:

- 1) жұмыс қүшін дамыту, оның ұтқырылғын арттыру;
- 2) ұлтына, жынысына, жасына, әлеуметтік жағдайына, саяси ұстанымына, дінге деген көзқарасына және кез келген өзге жағдаяттарға қарамастаң, еңбек ету бостандығына және қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдау құқығын іске асыруда тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету;
- 3) азаматтардың еңбек және кәсіпкерлік бастамашылығын қолдау, олардың өндірістік, шығармашылық еңбекке қабілетін дамытуға жәрдемдесу;
- 4) еңбек нарығының қажеттіліктеріне және оның даму перспективаларына сәйкес кадрлар даярлауға білім беру жүйесін бағдарлау;
- 5) жұмыс іздеуде қыындық көріп жүрген адамдарды жұмыспен қамтуға ықпал ететін іс-шараларды жузеге асыру;
- 6) жаппай жұмыссыздықтың алдын алу және ұзакқа созылған жұмыссыздықты қысқарту;
- 7) жұмысынан айырылған жағдайда міндетті әлеуметтік сақтандыру және жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау;
- 8) еңбек нарығына қатысушылардың күш-жігерін біріктіру және халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу жөніндегі іс-шараларды іске асыру кезінде олардың әрекеттерінің келісілуі;
- 9) халықты жұмыспен қамту орталықтары және жұмыспен қамтудың жекеше агенттіктері арқылы еңбек делдалдығын ұйымдастыру;
- 10) ішкі еңбек нарығын шетелдік жұмыс қүшін тартуға квота белгілеу арқылы қорғау;
- 11) жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету жөніндегі республикалық іс-шараларды жергілікті атқарушы органдар қабылдайтын шаралармен үйлестіру;
- 12) мемлекеттік органдардың халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ететін шараларды әзірлеу мен іске асыру жөніндегі қызметтің үйлестіру мен реттеу және олардың орындалуын бақылауды жузеге асыру;
- 13) Қазақстан Республикасы азаматтарының шетелдегі және шетелдіктердің Қазақстан Республикасының аумағындағы еңбек қызметіне байланысты мәселелерді шешуді қоса алғанда, халықты жұмыспен қамту проблемаларын шешуде халықаралық ынтымақтастықты ұйымдастыру;
- 14) халықты жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік саясатпен келісілген, жұмыс орындарын және мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құруды ынталандыратын қаржы, салық және инвестиция саясатын жүргізу жолымен іске асырылады.

### **4-бап. Жұмыспен қамтылған халық**

Жұмыспен қамтылған халыққа:

- 1) еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін, оның ішінде жұмысты ақы үшін толық не толық емес жұмыс уақыты жағдайларында орындаітын немесе ақы төленетін өзге жұмысы (еңбек функциясы) бар;
- 2) өзін-өзі жұмыспен қамтыған;
- 3) ақы төленетін қызметке сайланған, тағайындалған немесе бекітілген;
- 4) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында, құқық қорғау органдарында және арнаулы мемлекеттік органдарында қызмет өткеріп жүрген адамдар жатады.

### **5-бап. Халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік шаралары**

Мемлекет:

- 1) жұмыс түрін және жұмысты таңдау еркіндігіне;
- 2) кемсітүшіліктің кез келген нысандарынан қорғауға және кәсіп пен жұмыс алуда, жұмыспен қамтылу мен еңбек жағдайларын таңдауда мүмкіндіктер тенденциіне;
- 3) жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғауға негізделген халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларын қамтамасыз етеді.

## **2-тaraу. ХАЛЫҚТЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ САЛАСЫНДАГЫ МЕМЛЕКЕТТИК РЕТТЕУ**

**6-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің халықты жұмыспен қамтуды реттеу саласындағы құзыреті**

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) халықты жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді және олардың жүзеге асырылуын ұйымдастырады;

**РҚАО-ның ескертпесі!**

**2) тармакша 01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі - КР 06.04.2016 № 482-V Занымен.**

2) Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған квота белгілеу және оны Қазақстан Республикасының өнірлері арасында бөлу тәртібін бекітеді;

3) Қазақстан Республикасының Конституциясында, осы Занда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде өзіне жүктелген өзге де функцияларды орындауды.

**7-бап. Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органның құзыреті**

Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган өз құзыреті шегінде:

1) халықты жұмыспен қамту мәселелері бойынша жергілікті атқарушы органдарды, еңбек ресурстарын дамыту орталығын үйлестіруді жүзеге асырады;

2) халықты жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

3) жұмыс күшіне болжамды қажеттіліктерді айқындау әдістемесін әзірлейді және бекітеді;

4) жұмыс күшіне сұраныс пен ұсынысты талдайды, болжайды, еңбек нарығының жай-күйі туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етеді;

5) экономиканың кадрларға қажеттігінің болжамын әзірлейді және оны мүдделі орталық атқарушы органдармен келіседі;

6) мыналарды:

қоғамдық жұмыстарды;

әлеуметтік жұмыс орындарын;

жастар практикасын;

кәсіптік оқытуды ұйымдастыру және қаржыландыру тәртібін әзірлейді және бекітеді;

7) мүгедектер үшін жұмыс орындарын квоталау тәртібін әзірлейді және бекітеді;

8) мүгедектің жұмыс орнының стандарттарын әзірлейді және бекітеді;

9) мыналарды:

ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды;

бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды;

пробация қызметінің есебінде тұрган адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау тәртібін әзірлейді және бекітеді;

10) кәсіпкерлік бастамашылыққа жәрдемдесу бойынша шараларды ұйымдастыру және қаржыландыру тәртібін әзірлейді және бекітеді;

11) жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аудару тәртібін әзірлейді және бекітеді;

12) мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құратын жұмыс берушілердің шығындарын субсидиялау тәртібі мен шарттарын әзірлейді және бекітеді;

13) білім беру саласындағы орталық уәкілетті органмен келісу бойынша әлеуметтік кәсіптік бағдарлау жүргізуудің тәртібін әзірлейді және бекітеді;

14) әлеуметтік-еңбек саласының бірынғай ақпараттық жүйесін қалыптастыруды қамтамасыз етеді;

15) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес ведомстволық есептіліктер, текстеру параптары, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары нысандарын әзірлейді және бекітеді;

16) халықты жұмыспен қамту орталығының үлгілік жарғысын әзірлейді және бекітеді;

- 17) ағымдағы бос орындар және болжанатын жұмыс орындары дереккорына қосу үшін қажетті мамандықтар мен бос жұмыс орындары туралы мәліметтер беруге арналған әкімшілік есепке алу нысандарын әзірлейді және бекітеді;
- 18) халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі аудандық (қалалық) және өнірлік комиссиялар туралы үлгілік ережелерді әзірлейді және бекітеді;
- 19) өнірлердің (аудандардың, қалалардың және облыстардың) жұмыспен қамту картасын қалыптастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды әзірлейді және бекітеді;

**РҚАО-ның ескертпесі!**

20) тармақша 01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі - ҚР 06.04.2016 № 482-V Заңымен.

- 20) жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру және (немесе) ұзарту, сондай-ақ корпоратившілік ауыстыруды жүзеге асыру тәртібі мен шарттарын әзірлейді және бекітеді;

**РҚАО-ның ескертпесі!**

21) тармақша 01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі - ҚР 06.04.2016 № 482-V Заңымен.

- 21) өз бетінше жұмысқа орналасуы үшін шетелдікке немесе азаматтығы жоқ адамға біліктілігінің сәйкестігі туралы анықтама беру тәртібін, шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның өз бетінше жұмысқа орналасуы үшін басым салалардың (экономикалық қызмет түрлерінің) және олардағы сұранысқа ие кәсіптердің тізбесін әзірлейді және бекітеді;

**РҚАО-ның ескертпесі!**

22) тармақша 01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі - ҚР 06.04.2016 № 482-V Заңымен.

- 22) Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға квота белгілеу және оны Қазақстан Республикасының өнірлері арасында бөлу тәртібін әзірлейді;

**РҚАО-ның ескертпесі!**

23) тармақша 01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі - ҚР 06.04.2016 № 482-V Заңымен.

- 23) Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған квотаны облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана арасында Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген шекте және тәртіппен бөледі;

- 24) жұмысқа орналастырудың жеке картасын және оны толтыру нысанын әзірлейді және бекітеді;

- 25) Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасына сәйкес ақпараттық жүйелерді қолдана отырып, электрондық қызметтер көрсетеді;

- 26) әлеуметтік келісімшарттың үлгілік нысандарын әзірлейді және бекітеді;

- 27) осы Занда, Қазақстан Республикасының өзге де зандарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

## **8-бап. Еңбек ресурстарын дамыту орталығы**

1. Еңбек ресурстарын дамыту орталығы – еңбек нарығын реттеу және жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын іске асыру жөніндегі мемлекеттік саясатты ақпараттық және талдамалық қолдауды, халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті органдар мен халықты жұмыспен қамту орталықтарын әдіснамалық қолдауды қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған занды тұлға.

2. Еңбек ресурстарын дамыту орталығы:

- 1) халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органға:  
еңбек нарығының жай-күйін бағалау, жұмыс күшіне сұраныс пен ұсыныстың болжамы; кадрларға қажеттілікті болжауды ұйымдастыруды және кадрларды кәсіптік даярлауга мемлекеттік тапсырысты қалыптастыру бойынша, сондай-ақ қайта даярлау және біліктілікті арттыру бойынша ұсыныстар әзірлеу;  
халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларының іске асырылу барысын мониторингтеу, оларды бағалау және оларды жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу;

жұмыспен қамту, еңбек көші-қоны және азаматтарды әлеуметтік қолдау мәселелері жөніндегі ведомстволық статистикалық есептілікті жинауды ұйымдастыру бойынша қызметтер көрсетуді жүзеге асырады.

2) әлеуметтік-еңбек саласының ақпараттық жүйелеріне арналған бағдарламалық-аппараттық құралдардың және байланыс арналарының жұмыс істеуін, мемлекеттік органдардың басқа да ақпараттық жүйелерімен өзара іс-қимылды және ықпалдастықты ұйымдастыруды қоса алғанда, әлеуметтік-еңбек саласының бірыңғай ақпараттық жүйесін қолдауды;

3) Қазақстан Республикасының дербес деректерді қорғау саласындағы заңнамасының талаптарын ескере отырып, жеке және заңды тұлғаларға әлеуметтік-еңбек саласындағы ақпараттық және консультациялық көрсетілетін қызметтерді ұсынуды;

4) халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган айқындастырып тәртіппен және жағдайларда әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары қызметкерлерінің отбасы мүшелерін, сондай-ақ олардың асырауындағы, еңбек қызметін жүзеге асырмайтын адамдарды жұмыссыздар ретінде тіркеуді және есептен шығаруды жүзеге асырады.

**Ескерту. 8-бапқа өзгеріс енгізілді - КР 30.06.2017 № 80-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

#### **9-бап. Жергілікті атқарушы органдардың құзыреті**

Жергілікті атқарушы органдар халықты жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды:

- 1) халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесуді қамтамасыз ететін іс-шараларды өткізу;
- 2) халықты жұмыспен қамту мәселелері бойынша жергілікті органдарды үйлестіруді және оларға әдістемелік басшылық жасауды жүзеге асыру;
- 3) кәсіпкерлік бастамашылықты дамыту арқылы жұмыс орындарын құруды қолдау;
- 4) жұмыс іздел жүрген адамдарға, жұмыссыздарға әлеуметтік қорғау көрсету;

**РҚАО-ның ескертпесі!**

**5) тармақта 01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі - КР 06.04.2016 № 482-V Заңымен.**

5) халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бөлген квота шегінде не квотадан тыс корпоратившілік ауыстыру шенберінде тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсаттар беру және (немесе) ұзарту, сондай-ақ көрсетілген рұқсаттарды тоқтата тұру және көрі қайтарып алу;

6) ауыр жұмыстарды, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыс орындарын есептемегендеге, жұмыс орындары санының екіден төрт пайызға дейінгі мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу;

7) пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу;

8) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу;

9) ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квоталар белгілеу;

10) халықты жұмыспен қамту орталықтарының жарғысын бекіту;

11) жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аударуы үшін елді мекендерді айқындау;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілдіктерді жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде жүзеге асыру арқылы қамтамасыз етеді.

#### **10-бап. Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті органның құзыреті**

Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті орган:

1) жұмыс күшіне қатысты бөлігінде сұраныс пен ұсынысты талдайды, болжайды, өнірдің еңбек нарығының жай-күйі туралы жергілікті атқарушы органдарға және халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органға хабарлайды;

2) мемлекеттік, үкіметтік бағдарламалар және аумақтарды дамыту бағдарламалары, сондай-ақ жекеше сектор бастамалары шенберінде іске асырылатын жобаларда сұранысқа ие мамандықтар бойынша ағымдағы бос орындар және құрылатын жұмыс орындарының болжами туралы әлеуметтік-еңбек саласының бірыңғай ақпараттық жүйесінің дереккорын қалыптастыруға қатысады;

3) осы Заңың 17-бабына сәйкес жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау және халықты жұмыспен қамту шараларын өзірлейді, халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын ұйымдастырады;

**РҚАО-ның ескертпесі!**

4) тармакша 01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі - КР 06.04.2016 № 482-V Заңымен.

4) мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құру жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

5) жергілікті атқарушы органдардың білім мәселелері жөніндегі құрылымдық бөлімшелерінен, білім жөніндегі ұйымдардан, кәсіптік оқытуды жүзеге асыратын білім беру қызметіне құқығы бар ұйымдардың жанындағы оку орталықтарынан түлектердің жұмысқа орналасуы туралы мәліметтер, оқыту жүргізілетін кәсіптер (мамандықтар) туралы және нақты кәсіптер (мамандықтар) бойынша даярланған және даярлау жоспарланып отырған және бітіріп шығатын мамандар саны туралы ақпарат сұратады;

6) жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аударуы үшін елді мекендерді айқындау бойынша ұсыныстарды жергілікті атқарушы органдарға енгізеді;

7) халықты жұмыспен қамту орталықтарының жұмысын үйлестіреді;

8) жұмыс берушілерден кадрларға болжамды қажеттілік туралы ақпарат сұратады;

9) жұмыстан босату және жұмыс орындарын қысқарту қатері бар ұйымдардың мониторингін жүзеге асырады.

## **11-бап. Халықты жұмыспен қамту орталығы**

Халықты жұмыспен қамту орталығы:

1) халықты жұмыспен қамтудың жай-күйін бағалауды және дамуын болжауды, халықты еңбек нарығының жай-күйі туралы хабардар етуді жүзеге асырады;

2) осы Заңда көзделген жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын, сондай-ақ бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің қосымша шараларын іске асыруды жүзеге асырады;

3) өтініш білдірген адамдарды осы Заңың 13, 14-баптарына сәйкес жұмыс іздеуші және жұмыссыздар ретінде тіркейді;

4) жұмыссынан айырылған жағдайда Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының қаражаты есебінен әлеуметтік төлем тағайындау үшін тізбесін халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілдеп төлем тағайындау үшін жағдайда жүзеге асырады және оларды Мемлекеттік корпорацияға жібереді;

5) әлеуметтік кәсіптік бағдарлау бойынша қызметтер көрсетеді;

6) жұмыс іздең жүрген адамдарға және жұмыссыздарға лайықты жұмыс таңдауда жәрдемдеседі, жұмысқа орналасу үшін жолдама береді;

7) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорымен өзара іс-қимыл жасауды жүзеге асырады;

8) бос жұмыс орындарының (бос орындардың) есебін жүргізеді;

9) жұмыссызды жұмысқа орналастырудың жеке картасын жүргізеді;

10) әлеуметтік келісімшарттар жасасады;

11) еңбек делдалдығын көрсетеді;

12) Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасында көзделген жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің өзге де шараларын көрсетеді.

## **3-тарау. ЖҰМЫССЫЗДЫҚ**

### **12-бап. Лайықты жұмыс**

1. Лайықты жұмыс түрғылықты жерін өзгертумен байланысты жұмыс іздең жүрген адамның немесе жұмыссыздың келісімімен ғана ұсынылуы мүмкін.

Тұрғылықты жерінен лайықты жұмысқа көліктің қолайлылығын, осы жердің қоғамдық көлік желілерінің дамуын ескере отырып, тиісті атқарушы орган айқындайды.

2. Бірінші рет жұмыс іздел жүрген, бірақ кесібі (мамандығы) жоқ, сондай-ақ екі жылдан артық жұмысы жоқ адамдар үшін алдын ала кәсіптік даярлықты талап ететін жұмысты, ал оны ұсыну мүмкін болмаған жағдайда адамдардың жас шамасы және өзге де ерекшеліктері мен Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының талаптарын ескере отырып, басқа ақы төленетін жұмысты (уақытша сипаттағы жұмысты қоса алғанда) лайықты жұмыс деп есептеуге болады.

3. Мүгедек үшін оның тұрмыс-тіршілігінің шектелу дәрежесін ескере отырып, оған қолжетімді болуы қамтамасыз етілген жағдайдағы жұмыс, ал жеті жасқа дейінгі балаларды бағып-кутумен айналысатын адамдар үшін икемді және толық емес жұмыс уақыты режиміндегі жұмыс лайықты деп есептеледі.

4. Алдын ала даярлықты талап ететін немесе талап етпейтін (азаматтардың жас шамасы және өзге де ерекшеліктерін ескере отырып) уақытша сипаттағы жұмыс:

- 1) бірінші рет жұмыс іздел жүрген (бұрын жұмыс іstemеген) және бұл ретте біліктілігі жоқ;
- 2) жазғы демалыс кезеңінде студенттер және жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушылары;
- 3) тоқтап тұруға байланысты жұмыспен қамтамасыз етілмеген адамдар;
- 4) ұзак үзілістен (екі жылдан астам) кейін еңбек қызметін қайта жалғастыруға талпынғандар, сондай-ақ халықты жұмыспен қамту орталықтары окуға жібергендер және дәлелсіз себеппен оқуын тоқтатқандар;
- 5) жұмысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем аяқталғаннан кейін кәсіптік оқытудан немесе қосымша білім алудан бас тартқан адамдар арасынан бірінші рет жұмыс іздел жүрген адамдарға және жұмыссыздарға сәйкес келеді деп есептеледі.

### **13-бап. Жұмыс іздел жүрген адам**

1. Жұмыс іздел жүрген, жұмысы және (немесе) табысы (кірісі) жоқ адам жұмысқа орналасуына жәрдемдесу үшін өтініш білдірген кезде, тұрғылықты жері бойынша халықты жұмыспен қамту орталығында не "Электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы мынадай құжаттардың:

- 1) жеке басын қуәландыратын құжат;
- 2) еңбек қызметін растайтын құжат (бар болған кезде);
- 3) білімі, біліктілігі, арнайы білімінің немесе кәсіптік даярлығының болуы туралы құжат (бар болған кезде) негізінде жұмыс іздел жүрген адам ретінде тіркеледі.

Он алты жасқа толмаған адам сонымен қатар, өзінің заңды өкілдерінің бірінің жазбаша өтінішін ұсынады.

2. Халықты жұмыспен қамту орталығы жұмыс іздел жүрген адамды тіркеген күннен бастап он жұмыс күні ішінде лайықты жұмыс тандау арқылы оған жұмысқа орналасуға жәрдемдеседі, сондай-ақ тегін әлеуметтік кәсіптік бағдарлау бойынша қызметтер көрсетеді.

3. Жұмыс іздел жүрген адам үш жұмыс күні ішінде кемінде бір рет халықты жұмыспен қамту орталығына, ал ауылдық елді мекендерде тұратындар кент, ауыл, ауылдық округ әкіміне бару арқылы жұмыс іздеуге мүдделілік білдіруге тиіс.

### **14-бап. Жұмыссыздарды тіркеу**

1. Осы Заңның осы бабының 5-тармағында және 8-бабы 2-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген адамдарды қоспағанда, халықты жұмыспен қамту орталығы өтініш білдірген күннен бастап он жұмыс күні ішінде лайықты жұмыс таңдалмаған жұмыс іздел жүрген жұмыссыз адамды жұмыссыз ретінде тіркеу туралы шешім қабылдайды.

2. Жұмыс іздел жүрген адамды жұмыссыз ретінде тіркеу мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ақпараттық жүйелері арқылы оның деректерін тексергеннен кейін жұмысқа орналастырудың жеке картасына алынған мәліметтерді енгізе отырып жүзеге асырылады.

3. Халықты жұмыспен қамту орталығы өтініш жасалған күннен бастап күнтізбелік он күн өткенде жұмыс іздел жүрген адамды жұмыссыз ретінде тіркеу күні және есепке қою туралы немесе тіркеуден бас тарту туралы хабардар етеді.

4. Халықты жұмыспен қамту орталығында тіркелген жұмыссыздар – он жұмыс күні ішінде кемінде бір рет халықты жұмыспен қамту орталығында, ал ауылдық елді мекендерде тұратын жұмыссыздар айна кемінде бір рет кент, ауыл, ауылдық округ әкімінде белгіленіп тұруға тиіс.

#### 5. Жұмыссыз адам ретінде:

- 1) он алты жасқа толмаған;
- 2) еңбек шарты бойынша жұмыс істейтің, оның ішінде жұмысты толық не толық емес жұмыс уақыты жағдайларында ақы үшін орындайтын немесе табыс (кіріс) әкелетін өзге де ақы төленетін жұмысы бар;
- 3) "Қазақстан Республикасында зейнетқарлар мен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 1-тармағында белгіленген зейнеткерлік жасқа толған;
- 4) жұмысы мен табысының (кірісінің) жоқтығы туралы көрінеу жалған мәліметтерді қамтитын құжаттар, сондай-ақ басқа да анық емес мәліметтер ұсынған адамдар тіркелмейді.

**Ескерту. 14-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 30.06.2017 № 80-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

### **15-бап. Жұмыссыздардың құқықтары мен міндеттері**

#### Жұмыссыздар:

- 1) халықты жұмыспен қамту орталығынан:  
лайықты жұмыс іздестіру және жұмысқа орналасуға жәрдемдесу, оның ішінде жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шаралары жөніндегі көрсетілетін қызметті; қызмет (кәсіп) түрін таңдау немесе өзгерту мақсатында консультациялық, ақпараттық көрсетілетін қызметтерді және әлеуметтік кәсіптік бағдарлау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді;  
еңбек нарығының біртұтас ақпараттық базасында қамтылған өзі туралы мәліметтерді тегін алуға;
- 2) егер ол міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысуышы болып табылса, жұмысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемдер алуға;
- 3) "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес атаулы әлеуметтік көмек алуға;

**РҚАО-ның ескертпесі!**

**4) тармақша 01.07.2017 бастап қолданысқа енгізіледі - ҚР 06.04.2016 № 482-V Заңымен.**

- 4) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандырылуға құқығы бар.

#### 2. Жұмыссыздар:

- 1) осы Заңның талаптарын сақтауға;
- 2) осы Заңға сәйкес халықты жұмыспен қамту орталығына келіп тұрудың тәртібін, шарттарын және мерзімдерін сақтауға;
- 3) халықты жұмыспен қамту орталығы берген жұмысқа жолдаманы алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жұмысқа орналасу мәселесі бойынша жұмыс берушіге жүгінуге;
- 4) халықты жұмыспен қамту орталығына:

тұрғылықты жерін ауыстыруды;

тұрақты, уақытша жұмысқа, азаматтық-құқықтық сипаттағы жұмысқа шарттар бойынша орналасуды;

кәсіпкерлік қызметпен айналысады;

ұйымдық-құқықтық нысаны мен меншік нысанына қарамастан, ұйымға құрылтайшы (ортақ құрылтайшы) болуды;

мүгедектік тобын белгілеуді немесе оның өзгеруін;

зейнетқарлар төлемдерін тағайындауды қоса алғанда, жұмыссызben алдағы уақытта жұмыс істей тәртібіне ықпал ететін өзгерістер туралы мәліметтерді уақтылы, бес жұмыс күні ішінде ұсынуға міндетті.

### **16-бап. Жұмыссызды есептен шығару**

1. Халықты жұмыспен қамту орталығы жұмыссызды (осы Заңның 8-бабы 2-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген адамдарды қоспағанда) мынадай жағдайларда:

- 1) лайықты жұмыстың ұсынылған екі түрінен бас тартқанда;

- 2) дәлелсіз себептермен:
- халықты жұмыспен қамту орталығы жолдама берген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде ұсынылған жұмысқа орналасу орнына немесе оқу орнына келмегендे;
- шақыру бойынша халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысу үшін үш жұмыс күні ішінде халықты жұмыспен қамту орталығына келмегенде;
- халықты жұмыспен қамту орталығының жолдамасы бойынша халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысады өз бетінше тоқтатқанда;
- 3) жұмыссыз осы Занда көзделген халықты жұмыспен қамту орталығына келіп тұру мерзімдерін дәлелсіз себептермен бұзғанда;
- 4) жұмыссыз бас бостандығынан айыру түріндегі жазамен сottalғанда не занды күшіне енген сот шешімі бойынша мәжбүрлеп емдеуге жіберілгенде;
- 5) 15-баптың 2-тармағының 4) тармақшасында көзделген жағдайларда;
- 6) көрінеу жалған немесе қолдан жасалған құжаттар бергенде есептен шығарады.
2. Осы баптың 1-тармағының 1) — 3) тармақшаларына сәйкес есептен шығарылған жұмыссыздар есептен шықкан күннен бастап құнтізбелік отыз күн өткен соң ғана халықты жұмыспен қамту орталығында жұмыс іздеуші адам ретінде қайтадан тіркеле алады.
- Ескерту. 16-бапқа өзгеріс енгізілді - КР 30.06.2017 № 80-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

#### **4-тарау. ЖҰМЫССЫЗДЫҚТАН ӘЛЕУМЕТТИК ҚОРҒАУ**

##### **17-бап. Жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау шаралары**

1. Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган және жергілікті атқарушы органдар елдің және өнірлердің экономикалық және әлеуметтік даму болжамдары негізінде:

- 1) әлеуметтік кәсіптік бағдарлау жүргізуді;
- 2) еңбек делдалдығын;
- 3) жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын;
- 4) жұмыссыздарға әлеуметтік көмек көрсетуді;
- 5) азаматтардың жекелеген санаттарын жұмысқа орналастыру үшін квоталар белгілеуді көздейтін жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау және халықты жұмыспен қамтамасыз ету шараларын әзірлейді.

2. Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шаралары:

- 1) кәсіптік оқытуға жіберуді;
- 2) азаматтардың және оралмандардың кәсіпкерлік бастамашылығына жәрдемдесуді;
- 3) жастар практикасына жіберуді;
- 4) әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды;
- 5) жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін ерікті түрде қоныс аударуға жәрдемдесуді;

РҚАО-ның ескертпесі!

6) тармақша 01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі - КР 06.04.2016 № 482-V Заңымен.

- 6) мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын ұйымдастыруды;
- 7) қоғамдық жұмыстарды қамтиды.

Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысуға он алты жастан бастап "Қазақстан Республикасында зейнетқызымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 1-тармағында белгіленген зейнеткерлік жасқа толғанға дейінгі адамдардың құқығы бар.

3. Әлеуметтік көмек:

- 1) міндетті әлеуметтік сактандыру жүйесінің қатысушылары болып табылатын жұмыссыздарға жұмысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемдерді;

РҚАО-ның ескертпесі!

2) тармақша 01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі - КР 06.04.2016 № 482-V Заңымен.

- 2) "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген шарттарда және мөлшерде атаулы әлеуметтік көмек көрсетуді;

## **РҚАО-ның ескертпесі!**

**3) тармақша 01.07.2017 бастап қолданысқа енгізіледі - КР 06.04.2016 № 482-V Заңымен.**

3) міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің қатысуышылары болып табылатын жұмыссыздарға "Міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген шарттарда және тәртіппен медициналық көмек көрсетуді қамтиды.

4. Жұмысқа орналастыруға арналған квоталар:

- 1) еңбек қызметі үшін медициналық қарсы көрсетілімдері жоқ мүгедектер;
- 2) қамелеттік жасқа толғанға дейін ата-анаынан айырылған немесе ата-анаының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы, білім беру үйімдарының түлектері болып табылатын азаматтар;
- 3) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар;
- 4) пробация қызметтінің есебінде тұрған адамдар үшін көзделеді.

### **18-бап. Әлеуметтік қесіптік бағдарлау**

1. Әлеуметтік қесіптік бағдарлау бюджет каражаты шегінде жеке адамның қесіптік білімдерін, дағдыларын, қызығушылықтарын және еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, жұмыс іздеғен адамдарға, жұмыссыздарға, өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға, оралмандарға, сондай-ақ студенттерге, жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушыларына мамандық таңдауда, қызмет турін ауыстыруды және біліктілігін арттыруды практикалық көмек көрсету мақсатында жүргізіледі.

2. Әлеуметтік қесіптік бағдарлау:

- 1) еңбек қызметі, еңбек нарығының жай-күйі, қолда бар мамандық бойынша жұмысқа орналастыру немесе қесіптік оқытудан өту мүмкіндіктері туралы қесіби хабардар етуді;
- 2) адамның жеке-психологиялық сипаттамасының, өмірлік жағдайлары ерекшеліктерінің, қесіптік білімдерінің, дағдыларының, қызығушылықтарының, денсаулық жағдайының және еңбек нарығындағы қажеттіліктерінің негізінде жұмыс орны мен мамандық таңдауда қесіби консультацияны;
- 3) нақты қесіп (мамандықтар) тұрлери және лауазымдар үшін айқындалған біліктілік талаптарына адамдардың сәйкестігін белгілеу арқылы қесіби іріктеуді қамтиды.

3. Әлеуметтік қесіптік бағдарлауды Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, үкіметтік емес үйімдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы және мемлекеттік сатып алу туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмыспен қамтудың жекеше агенттіктерін және (немесе) өзге де үйімдарды тарту құқығымен халықты жұмыспен қамту орталықтары жүргізеді.

4. Халықты жұмыспен қамту орталықтары әлеуметтік қесіптік бағдарлаудан өткен адамдар туралы мәліметтерді еңбек нарығының біртұтас ақпараттық базасында орналастырады.

### **19-бап. Қесіптік оқыту**

1. Қесіптік оқыту қесіптік даярлауды, қайта даярлауды және біліктілікті арттыруды қамтиды.

2. Егер:

- 1) қажетті қесіптік біліктіліктің болмауынан лайықты жұмыс таңдау мүмкін болмағанда;
- 2) қесіптік дағдыларға сай келетін жұмыстардың болмауына байланысты қесібін (мамандығын), қызмет түрін өзгерту қажет болғанда;
- 3) бұрынғы мамандығы бойынша жұмысты орындау қабілетін жоғалтқанда, халықты жұмыспен қамту орталығының жолдамасы бойынша қесіптік оқыту жүзеге асырылуы мүмкін.

3. Қесіптік оқыту:

- 1) жұмыс іздең жүрген адамдар;
- 2) жұмыссыздар;
- 3) еңбек шарты бойынша жұмыс істейтіндер үшін жүзеге асырылады.

4. Басым тәртіппен қесіптік оқытудан өтуге:

- 1) мүгедектердің;
- 2) мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналардың, асырап алушылардың, қорғаншылардың (қамқоршылардың);
- 3) халықты жұмыспен қамту орталығында алты айдан астам есепте тұрған жұмыссыздардың;

- 4) алғаш рет жұмыс ізделеп жүрген (бұрын жұмыс істемеген) және бұл ретте біліктілігі жок адамдардың;
  - 5) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және (немесе) мәжбүрлеп емдеуден өткен адамдардың құқығы бар.
5. Кәсіптік оқыту бюджет қаражаты шегінде Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасына сәйкес білім беру ұйымдарында не жұмыс берушілердің білім беру қызметіне құқығы бар оқу орталықтарында жұмыс берушілердің тапсырыстары бойынша еңбек нарығындағы қажеттіліктер ескеріліп жүргізіледі.
6. Халықты жұмыспен қамту орталығы, оқытууды жүргізетін ұйым, жұмыс беруші және оқытын адам арасында әлеуметтік келісімшарт жасалады.

Әлеуметтік келісімшарт тараптардың құқықтары мен міндеттерін, оқуға ақы төлеу шартын, мерзімінен бұрын бұзу шартын, кәсіптік оқыту мерзімі мен қаржыландыру көздерін қамтуға тиіс.

7. Халықты жұмыспен қамту орталығы кәсіптік оқытуға жіберген адамдар өздігінен, дәлелсіз себептермен оқуын тоқтатса, халықты жұмыспен қамту орталығында қайта тіркелген күннен бастап үш жыл өткен соң оқуға қайта жіберілуі мүмкін.

## **20-бап. Әлеуметтік жұмыс орнын ұйымдастыру**

1. Жұмыс беруші әлеуметтік жұмыс орындарын құрады, оларды құру кезінде тұрақты жұмыс орындарына арналған бос орындар пайдаланылмайды және олар ауыр жұмыстарда, зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайлары бар жұмыстарда құрылмайды.
2. Әлеуметтік жұмыс орындары жұмыссыздар үшін арнайы құрылады, олардың арасында:
  - 1) балалар ауылының тәрбиеленушілері және балалар үйлерінің түлектері, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған он алты жастан жиырма үш жасқа дейінгі балаларға арналған мектеп-интернаттардың;
  - 2) зейнеткерлік жас алдындағы (зейнеткерлікке шығуға екі жыл қалған) адамдар;
  - 3) мүгедектер;
  - 4) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және (немесе) мәжбүрлеп емдеуден өткен адамдар;
  - 5) пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар;
  - 6) кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғызлікті, көпбалалы ата-аналар;
  - 7) жеті жасқа дейінгі баланы, мүгедек баланы, бірінші және екінші топтағы мүгедектерді бағып-күтуді жүзеге асыратын адамдар;
  - 8) оралмандар;
  - 9) терроризм актісінің нәтижесінде зардап шеккен адамдар және оның жолын кесуге қатысқан адамдар басым құқыққа ие болады;

3. Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті органның шешімі бойынша:

- 1) әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруға сұраныс пен ұсыныс айқындалады;
- 2) әлеуметтік жұмыс орнын құруға өтініш берген өнірлердегі ұйымдардың тізбесі, ұйымдастырылатын жұмыс орындарының саны және нақты жұмыс жағдайы, төленетін еңбекақы мөлшері және оларды қаржыландыру көздері бекітіледі.
4. Жұмыссыздарды әлеуметтік жұмыс орындарына жіберуге олардың келісімімен ғана жол беріледі. Әлеуметтік жұмыс орындарына жіберу кезінде жұмыссыздардың денсаулық жағдайы, жас, кәсіптік және басқа да жеке ерекшеліктері ескеріледі.

Халықты жұмыспен қамту орталығы мен арнайы жұмыс орындарын құратын жұмыс беруші және әлеуметтік жұмыс орындарына жіберілетін жұмыссыз арасында әлеуметтік келісімшарт жасалады.

Әлеуметтік келісімшарт тараптардың құқықтары мен міндеттерін, еңбекақы мөлшерін және оны төлеу шарттарын, әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыру мерзімдері мен көздерін қамтуға тиіс.

5. Әлеуметтік жұмыс орындарындағы еңбек қызметін дәлелсіз себептермен өз бетінше тоқтатқан жұмыссыздар жұмыссыздар ретінде есептен шығарылады және халықты жұмыспен қамту орталығына қайтадан тіркелген күннен бастап үш ай өткеннен кейін ғана жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсененді шараларына қайта қатысуы мүмкін.

6. Әлеуметтік жұмыс орындарына жіберілген адамдарға Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы қолданылады.

## **21-бап. Жастар практикасын үйымдастыру**

1. Жастар практикасы алған кәсібі (мамандығы) бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарының жиырма тоғыз жастан аспаған түлектері қатарындағы жұмыссыздарға арнайы белгіленген.

2. Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті органдар:

1) жастар практикасын үйымдастыруға сұраныс пен ұсынысты қалыптастырады;

2) жастар практикасын үйымдастыруға өтініш берген өнірлердегі үйымдардың тізбесін, білім беру үйымдары түлектерінің қатарынан тартылатын жұмыссыздардың санын, олардың еңбек жағдайы мен еңбегіне ақы төлеуді және қаржыландыру көздерін айқындаиды.

3. Жұмыс беруші халықты жұмыспен қамту орталығымен жасасқан шарт негізінде жастар практикасынан өту үшін жұмыс орындарын құрады. Жұмыс орындарын құрган кезде тұрақты жұмыс орындарына арналған бос орындар пайдаланылмайды.

Құрылған жұмыс орындары түлектің алған кәсібіне (мамандығына) сәйкес келуге тиіс.

4. Білім беру үйымдары түлектерінің қатарындағы жұмыссыздарды жастар практикасына жіберуге олардың келісімімен ғана жол беріледі. Олардың еңбегіне ақы төлеу бюджет қаражаты шегінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыым салынбаған көздерден жүзеге асырылады.

5. Халықты жұмыспен қамту орталығы, жастар практикасын үйымдастыратын жұмыс беруші және жастар практикасына жіберілетін түлек арасында әлеуметтік келісімшарт жасалады.

Әлеуметтік келісімшарт тараптардың құқықтары мен міндеттерін, еңбек жағдайын, еңбекақы мөлшері мен оны төлеу шарттарын, қаржыландыру мерзімі мен көздерін қамтуға тиіс.

6. Жастар практикасына жіберілген жұмыссыздарға Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы қолданылады.

## **22-бап. Қоғамдық жұмыстарды үйымдастыру**

1. Қоғамдық жұмыстарды халықты жұмыспен қамту орталықтары үйымдарда үйымдастырады және бюджет қаражаты шегінде және жұмыс берушілердің тапсырыстары бойынша олардың қаражаты есебінен қаржыландырылады.

2. Қоғамдық жұмыстарға қатысуға:

1) жұмыссыздардың;

2) жазғы демалыс кезеңінде студенттердің және жалпы білім беретін мектептердің жоғары сыйнып оқушыларының;

3) тоқтап тұруға байланысты жұмыспен қамтамасыз етілмеген адамдардың құқығы бар.

Қоғамдық жұмыстарға қатысуға:

1) жұмысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемдерді алмайтын жұмыссыздар;

2) халықты жұмыспен қамту орталығында алты айдан астам есепте тұрган жұмыссыздар басым құқықты пайдаланады.

Адамдардың қоғамдық жұмыстарға қатысуы, олардың халықты жұмыспен қамту орталығында тіркелген күннен бастап үш ай өткеннен кейін ғана қоғамдық жұмыстарға қайта жіберілуі мүмкін.

5. Авариялар, табиғи апаттар, дүлей зілзалалар және басқа да төтенше жағдайлар зардалтарын жедел жою қажеттілігіне байланысты қызмет түрлері қоғамдық жұмыстарға жатпайды.

6. Осы Заң Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасында көзделген қоғамдық жұмыстарға тарту жөніндегі құқықтық қатынастарды реттемейді.

7. Қоғамдық жұмыстарға қатысатын адамдарға Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы қолданылады.

## **23-бап. Кәсіпкерлік бастамашылыққа жәрдемдесу**

1. Кәсіпкерлік бастамашылыққа жәрдем жұмыссыздарға және өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға кәсіпкерлік негіздеріне оқыту, жобаны сүйемелдеу бойынша сервистік қызметтер көрсету, қайтарымды негізде микрокредиттер беру арқылы оларға мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну жолымен жүзеге асырылады.

2. Жұмыссыздар және өзін-өзі жұмыспен қамтығандар арасынан мемлекеттік қолдау шараларын алу үшін:

- 1) ауылдық жерлерде, моно және шағын қалаларда тұратын адамдардың;
- 2) мұгедектердің, егер медициналық корытынды бойынша олардың денсаулық жағдайы еңбек міндеттемелерін орындауға кедергі келтірмесе не олардың денсаулығына және (немесе) басқа адамдардың еңбек қауіпсіздігіне қауіп төндірмесе;
- 3) зейнеткерлік жасқа жеткенге дейін елу жастан асқан адамдардың;
- 4) жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастардың басым құқығы бар.

3. Халықты жұмыспен қамту орталығы мен микрокредит алған адам арасында әлеуметтік келісімшарт жасалады.

**24-бап. Жұмыс қүшінің ұтқырлығын арттыру үшін ерікті түрде қоныс аударуға жәрдемдесу**

1. Халықты жұмыспен қамту орталықтары жұмысқа орналастыру үшін жаңа тұрғылықты жерге:

- 1) жұмыс берушілердің қажеттіліктерін ескере отырып, әлеуметтік-экономикалық даму әлеуеті тәмен елді мекендерден әлеуметтік-экономикалық даму әлеуеті жоғары елді мекендерге және экономикалық өсу орталықтарына;
- 2) "Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қоныс аударушыларды және оралмандарды қабылдаудың өнірлік квотасы шенберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастын өнірлерге адамдардың ерікті түрде қоныс аударуына жәрдемдеседі.

2. Халықты жұмыспен қамту орталықтары жұмысқа орналастыру үшін мынадай санаттағы:

- 1) жұмыс іздеген адамдардың;
- 2) жұмыссыздардың;
- 3) өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдардың және олардың отбасы мүшелерінің жаңа тұрғылықты жерге ерікті түрде қоныс аударуына жәрдемдеседі.

3. Жұмысқа орналасу үшін жұмыс іздеп жүрген адамдар және жұмыссыздар арасында жаңа тұрғылықты жерге ерікті түрде қоныс аудару үшін:

- 1) балалар ауылының тәрбиленушілері және балалар үйлерінің түлектері, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған он алты жастан жиырма үш жасқа дейінгі балаларға арналған мектеп-интернаттардың түлектері;
- 2) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастын өнірлерге қоныс аударатын оралмандар;
- 3) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйімдарының түлектері;
- 4) жұмыс беруші – занды тұлғаның таратылуына не жұмыс беруші – жеке тұлға қызметінің тоқтатылуына, жұмыскерлер санының немесе штатының қысқаруына, жұмыс берушінің экономикалық жағдайының нашарлауына экеп соққан өндірістердің және орындалатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер көлемінің төмендеуіне байланысты жұмыстан босатылған адамдар басым құқықты пайдаланады.

4. Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шаралары шенберінде ерікті қоныс аударатын адамдарды мемлекеттік қолдау:

- 1) жұмыскердің қоныс аударуы жұмыс берушінің қаражаты есебінен жүзеге асырылатын жағдайларды қоспағанда, адамдардың және олардың отбасы мүшелерінің қоныс аударуына, соған байланысты шығыстардың орнын толтыруға субсидиялар беруді;
- 2) жұмыс беруші жұмыскерге тұрғын үй-жай ұсынған жағдайларды қоспағанда, тұрғын үй, қызметтік тұрғын үй немесе жатақханалардан бөлме беруді;
- 3) жұмыс берушінің қажеттілігі бар болған кезде кәсіптік оқытуды;
- 4) жаңа тұрғылықты жерде жұмысқа орналасуға жәрдемдесуді қамтиды.

5. Халықты жұмыспен қамту орталығы ерікті түрде жаңа тұрғылықты жерге қоныс аударатын адаммен және жұмыс орнын ұсынатын жұмыс берушімен әлеуметтік келісімшарт жасайды.

**РҚАО-ның ескертпесі!**

25-бап 01.01.2018 бастап қолданыска енгізіледі - КР 06.04.2016 № 482-V Заңымен.

**25-бап. Мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын ұйымдастыру**

1. Арнайы жұмыс орны мүгедектерді жұмысқа орналастыру және олардың жұмыспен қамтылуын оны құрған кезден бастап кемінде күнтізбелік он екі ай мерзімге сақтау үшін құрылады.

2. Мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орнын құруды жұмыс беруші халықты жұмыспен қамту орталығымен жасасқан шарт негізінде жүзеге асырады.

**26-бап. Жұмысынан айырылған жағдайда төлеметтік төлемдерді ұйымдастыру**

1. Міндettі әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысуышылары болып табылатын, белгіленген тәртіппен жұмыссыздар деп танылған адамдар жұмысынан айырылған жағдайда "Міндettі әлеуметтік сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан әлеуметтік төлемдер алуға құқығы бар.

2. Жұмысынан айырылған жағдайда міндettі әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысуышылары болып табылатын жұмыссыздардың әлеуметтік төлем алуға құқығы оларды халықты жұмыспен қамту орталығы кәсіптік оқытуға, әлеуметтік жұмыс орындарына, қоғамдық жұмыстарға жіберген кезде сакталады.

3. Халықты жұмыспен қамту орталығы алушыны жұмыссыз ретінде есептен шығарған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде ақпаратты Мемлекеттік корпорация арқылы Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына ұсынады.

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген ақпаратты алу негізінде жұмысынан айырылған жағдайдағы міндettі әлеуметтік сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және шарттарда әлеуметтік төлемдерді тоқтатады.

4. Халықты жұмыспен қамту орталығы жұмысқа орналастырудың жеке картасына тиісті өзгерістерді уақтылы енгізеді.

**27-бап. Азаматтардың жекелеген санаттарын жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квоталар**

1. Жергілікті атқарушы органдар:

1) ауыр жұмыстарды, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептемегендегі, халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган айқындастырын тәртіппен жұмыс орындары санының екіден төрт пайызға дейінгі мөлшерінде мүгедектерді;

2) пробация қызыметінің есебінде тұрған адамдарды;

3) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды;

4) кәмелеттік жасқа толғанға дейін ата-ана сынан айырылған немесе ата-аналарының қамқорлығының қалған жастар қатарындағы білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін квоталар белгілейді.

2. Мүгедектердің қоғамдық бірлестіктеріне, сондай-ақ, жұмыскерлердің орташа жылдық санының жиырма пайызынан астамын мүгедектер құрайтын ұйымдарға квота белгіленбейді.

**5-тaraу. ХАЛЫҚТЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ САЛАСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК СЕРІКТЕСТІКТІ ҰЙЫМДАСТАҮРУ**

**28-бап. Жұмыс берушілердің халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге қатысуы**

1. Жұмыс берушілер халықты жұмыспен қамту саласындағы мемлекет саясатын іске асыруға:

1) Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес еңбек шарттары мен ұжымдық шарттардың талаптарын сақтай отырып, жұмысқа орналасуға жәрдем көрсету;

2) персоналдың кәсіптік оқыту жүйесін дамыту;

- 3) кадрларды техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары окуорнынан кейінгі білім берудің оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары арқылы даярлау;
- 4) құрылымдық өзгерістер барысында білікті жұмыскерлердің кадрлық әлеуетін сақтау және ұтымды пайдалану;
- 5) қоғамдық жұмыстарды және әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру үшін жұмыс орындарын құру;
- 6) жұмысқа орналастыру мәселесі бойынша, оның ішінде халықты жұмыспен қамту орталығының жолдамасы бойынша өтініш жасаған адамдарды ұйымдарда белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес бар бос орындарға қабылдау;

**РҚАО-ның ескертпесі!**

**7) тармақша 01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі - КР 06.04.2016 № 482-V Заңымен.**

- 7) мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құру;
- 8) еңбек нарығының бірыңғай ақпараттық деректер базасына сұранысқа ие мамандықтар болінісінде ағымдағы бос орындар және жұмыс орындарын болжамды құру туралы деректерді ұсыну;
- 9) жұмыс орындарын құру арқылы қатысады.

## 2. Жұмыс беруші:

- 1) бос жұмыс орындарының (бос лауазымдардың) болуы туралы мәліметтерді еңбек жағдайлары мен төлемақысын көрсете отырып, пайда болған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде халықты жұмыспен қамту орталығына жіберуге;
- 2) жұмыс беруші — заңды тұлғаның таратылуына не жұмыс беруші — жеке тұлға қызметінің тоқтатылуына, адам санының немесе штаттың қысқартылуына байланысты, жұмыс берушінің экономикалық жағдайының нашарлауына әкелетін өндірістердің және орындалатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер көлемінің төмендеуі кезінде алдағы уақытта жұмыскерлердің жұмыстан босайтыны туралы, босатылатын жұмыскерлердің лауазымдары мен кәсіптері, мамандықтары, біліктілігі және еңбекақы мөлшері көрсетіле отырып, жұмыстан босатылуы мүмкін жұмыскерлердің саны мен санаттары туралы және олар жұмыстан босатылатын мерзімдер туралы жұмыстан босату басталардан кемінде бір ай бұрын халықты жұмыспен қамту орталығына толық көлемде ақпарат беруге;
- 3) жұмыс беруші — заңды тұлғаның таратылуы не жұмыс беруші — жеке тұлға қызметінің тоқтатылуы, адам санының немесе жұмыскерлер штаттының қысқартылуы, жұмыс берушінің экономикалық жағдайының нашарлауына әкелетін өндірістердің және орындалатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер көлемінің төмендеуі кезіндегі бас тартқан жағдайларды қоспағанда, жұмыс берушінің қатысуымен жасалған әлеуметтік келісімшарт негізінде кәсіптік оқытудан кейін оны жұмысқа қабылдаудан бас тартқан жағдайда, халықты жұмыспен қамту орталығының кәсіптік оқытуға төлеуге, жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларының қатысуышыларына стипендиялар төлеуге және материалдық көмекке арналған шығыстарын өтеуге;
- 4) жолдамаға тиісті белгі қою арқылы себебін көрсете отырып, жұмысқа қабылдау немесе жұмысқа қабылдаудан бас тарту туралы дер кезінде (жұмысқа орналастыру үшін жіберген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде) халықты жұмыспен қамту орталығына хабарлауға;
- 5) алған мамандығы мен біліктілігін көрсете отырып, кәсіптік даярлаудан, қайта даярлаудан және өндірісшілік оқытудан өткендердің саны туралы мәліметтерді халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі үәкілдettі органға ұсынуға;
- 6) жұмыс беруші — заңды тұлғаның таратылуы не жұмыс беруші — жеке тұлға қызметінің тоқтатылуы, адам санының немесе жұмыскерлер штаттының қысқартылуы, жұмыс берушінің экономикалық жағдайының нашарлауына әкелетін өндірістердің және орындалатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер көлемінің төмендеуі жағдайларын қоспағанда, осы Заңның 27-бабы 1-тармағында көзделген, белгіленген квотаны орындауға;
- 7) жұмысқа қабылдау үшін бос жұмыс орындары туралы ақпаратта еңбек саласындағы кемсітүшілік сипаттағы талаптарға жол бермеуге;

- 8) шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат қолданысының тоқтатылуына байланысты, тартылған шетелдік жұмыскердің Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге шығуын қамтамасыз етуге;
- 9) Қазақстан Республикасының міндепті әлеуметтік сактандыру туралы заңнамасына сәйкес әлеуметтік аударымдар жүргізуге;
- 10) өз бетінше жұмыска орналасу үшін біліктілігінің сәйкестігі туралы анықтама негізінде жұмыска тартылған шетелдік немесе азаматтығы жок адамдарды жұмысқа қабылдағаны туралы және (немесе) олармен еңбек қатынастарын тоқтатқаны туралы ақпаратты халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі үәкілетті органға ұсынуға міндепті.

### 3. Жұмыс берушінің:

- 1) оған тікелей өтініш білдірген адамдарды халықты жұмыспен қамту орталықтарының жолдамасы бар адамдармен бірдей шарттарда жұмысқа қабылдауға;
- 2) халықты жұмыспен қамту орталықтарынан еңбек нарығының жай-күйі туралы тегін ақпарат алуға;
- 3) халықты жұмыспен қамту орталығынан жұмыс іздең жүрген адамдарды жұмысқа орналастыруға іріктеу және жіберу бойынша көрсетілетін қызметтерді алуға;
- 4) қоғамдық жұмыстарды және әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруға қатысуға, уақытша сипаттағы жұмыстардың басқа да түрлерін ұйымдастыруға және жүргізуге;

**РҚАО-ның ескертпесі!**

**5) тармақша 01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі - ҚР 06.04.2016 № 482-V Заңымен.**

- 5) мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құруға субсидия алуға;
- 6) экономиканың салалары бойынша кадрларға қажеттілікті болжауды ұйымдастыруға және айқындауға қатысуға құқығы бар.

### **29-бап. Кәсіптік одактардың халықты жұмыспен қамту саласына қатысуы**

1. Халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге, жұмыссыздықтан және оның салдарларынан қорғауға кәсіптік одактар мен олардың бірлестіктерінің қатысуы осы Заңмен, "Кәсіптік одактар туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен, өзге де нормативтік құқықтық актілермен, ұжымдық шарттармен және келісімдермен айқындалады.

#### 2. Кәсіптік одактар:

- 1) халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға;
- 2) халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге қатысуға құқығы бар.
3. Кәсіптік одактардың мемлекеттік органдарға, жұмыс берушілер мен олардың бірлестіктеріне халықты жұмыспен қамту жүйесін жетілдіру туралы ұсыныс беруге құқығы бар.

## **6-тарау. ЕҢБЕК ДЕЛДАЛДЫҒЫ**

### **30-бап. Еңбек делдалдығын көрсету**

Жұмыс іздең жүрген адамдарға, жұмыссыздарға және басқа да жүгінген адамдарға осы Заңың 11, 31-баптарына сәйкес халықты жұмыспен қамту орталықтары, жеке жұмыспен қамту агенттіктері еңбек делдалдығын көрсетеді.

### **31-бап. Жұмыспен қамтудың жекеше агенттігі**

#### 1. Жұмыспен қамтудың жекеше агенттігінің:

- 1) Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы және Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасының мәселелері бойынша өтініш жасаған адамдарға консультация беруге;
- 2) жұмысқа орналасу мүмкіндігі туралы ақпарат беруге және еңбек делдалдығы бойынша қызметтер көрсетуге;
- 3) бос жұмыс орындары бар жұмыс берушілер мен жұмысқа орналасқысы келетін адамдар туралы мәліметтер қалыптастыруға;

- 4) жұмыскерлердің жұмыс берушінің біліктілік талаптарына сәйкес келуін ескере отырып, оларды іріктеуді жүзеге асыруға;
- 5) халықаралық шарттар бар болған кезде, бір елден екінші елге жұмысқа орналастыру үшін жұмыскерлер жинауды жүзеге асыруға;
- 6) өтініш жасаған адамдар кейін жұмысқа орналастырылатын кәсіптік даярлау мен қайта даярлауды ұйымдастыруға;
- 7) адамдарды шет елде жұмысқа орналастырылатын жағдайда, оларды әкетуге рұқсат құжаттарын ресімдеуге;
- 8) халықты жұмыспен қамту орталықтары жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына жіберген адамдарды әлеуметтік кәсіптік бағдарлау жүргізу бойынша конкурстарға қатысуға;
- 9) халықты жұмыспен қамту орталықтарынан еңбек нарығының жай-күйі туралы тегін ақпарат алуға;
- 10) жұмысқа орналастыру, жұмыс орындарын құру, кәсіптік оқыту мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен, халықты жұмыспен қамту орталықтарымен, жұмыс берушілермен өзара іс-қимыл жасауға құқығы бар.

2. Жұмыспен қамтудың жекеше агенттігі:

- 1) кемсітушіліктің кез келген нысанына жол бермеуге;
- 2) өтініш жасаған адамдардан алынатын ақпараттың құпиялыштығын қамтамасыз етуге;
- 3) бала енбегін пайдалануға, адамдарды жыныстық және (немесе) өзге де мақсатта пайдалану үшін тартуға жол бермеуге;
- 4) өтініш жасаған адамдармен еңбек делдалдығы бойынша қызметтер көрсету туралы шарттар жасасуға;
- 5) еңбек делдалдығы үшін өтініш берген және жұмысқа орналасқан адамдардың саны туралы кәсіптер (мамандықтар) бөлінісінде халықты жұмыспен қамту орталығына тоқсан сайын ақпарат беруге;
- 6) еңбек нарығының бірыңғай ақпараттық деректер базасын қалыптастыруға қатысуға міндетті.

**РҚАО-ның ескертпесі!**

**3-тармақ 01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі - ҚР 06.04.2016 № 482-V Заңымен.**

3. Қазақстан Республикасынан шет елге жұмыс күшін әкетуге байланысты қызметті жұмыспен қамтудың жекеше агенттіктері жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасынан шет елге жұмыс күшін әкету жұмысқа орналастыратын елдің банктеріне жұмыскердің атына кепілді жарна енгізу арқылы шарт мерзімі аяқталғаннан кейін жұмыскердің өз еліне оралуына жұмыспен қамтудың жекеше агенттігі кепілдік берген кездеғана жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасынан шет елге жұмыс күшін әкету кезінде жұмыс берушілердің банктерге кепілді жарна енгізу тәртібі мен шарттары жұмысқа орналастыратын елдің заңнамасымен реттеледі.

## **7-тaraу. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ШЕТЕЛДІКТЕРДІҢ ЕҢБЕГІН ҚОЛДАНУ**

**РҚАО-ның**

**ескертпесі!**

**32-бап 01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі - ҚР 06.04.2016 № 482-V Заңымен.**

**32-бап. Шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған квота**

1. Ішкі еңбек нарығын қорғау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін шетелдік жұмыс күшін тартуға квота белгілейді.

2. Осы Заңның шетелдік жұмыс күшін квоталау және жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсаттар беру туралы нормалары:

- 1) дербес білім беру ұйымдарында, олардың ұйымдарында, сондай-ақ "Назарбаев Қорында" басшылар және мамандар лауазымдарында жұмыс істейтін жоғары белгіліді;

- 2) мемлекеттік органдарда жұмыс істейтін, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен расталған құжаттары бар;
- 3) Қазақстан Республикасының инвестициялар туралы заңнамасына сәйкес инвестициялық басым жобаны іске асыруға арналған инвестиациялық келісімшарттар жасасқан Қазақстан Республикасының ұйымдарында жұмыс істейтін, сондай-ақ, аталған заңды тұлғалар (не олардың мердігерлері) бас мердігер, мердігер, қосалқы мердігер немесе сәүлет, қала құрылышы және құрылыш қызметі саласында (іздестіру және жобалау қызметін, инжинириングтік көрсетілетін қызметтерді қоса алғанда) көрсетілетін қызметтерді орындаушы ретінде инвестиациялық қызмет объектісі пайдалануға берілгеннен кейін бір жыл өткенге дейінгі мерзімге тартатын ұйымдарда басшылар және жоғары білімі бар мамандар ретінде, сондай-ақ инвестиациялық басым жобаны іске асыруға арналған инвестиациялық келісімшарттарда айқындалатын кәсіптер тізбесіне және санына сәйкес білікті жұмысшылар ретінде жұмыс істейтін;
- 4) "Инновациялық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағының дербес кластерлік қорында басшылар және мамандар лауазымдарында жұмыс істейтін жоғары білімді;
- 5) Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық мамандандырылған көрмені ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдарда жұмыс істейтін;
- 6) Қазақстан Республикасының аумағындағы халықаралық мамандандырылған көрмеге қатысушылар немесе қатысушылардың жұмыскерлері болып табылатын;

7) құны бір миллион айлық есептік көрсеткіштен жоғары жобалары бар, арнайы экономикалық аймақтардың қатысушылары болып табылатын заңды тұлғаларда, сондай-ақ арнайы экономикалық аймақтардың аталған қатысушылары (не олардың мердігерлері) бас мердігер, мердігер, қосалқы мердігер немесе арнайы экономикалық аймақтар аумағында құрылыш-монтаждау жұмыстарын орындау кезеңінде орындаушы ретінде және халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган мен арнайы экономикалық аймақтарды құру, олардың жұмыс істеуі және таратылуы саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы органның бірлескен шешімімен бекітілген тәртіппен халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган және мұдделі мемлекеттік орталық орган өкілдері арасынан комиссия айқындастын санаттар тізбесіне және санына сәйкес объект (объектілер) пайдалануға берілгеннен кейін бір жыл өткенге дейін тартатын ұйымдарда жұмыс істейтін;

- 8) экономиканың басым салаларында (экономикалық қызмет түрлерінде) сұранысқа ие кәсіптер бойынша өз бетінше жұмысқа орналасуға келген;
- 9) Қазақстан Республикасында тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға қолданылмайды.

3. Осы Заңның шетелдік жұмыс күшін жыл сайын квоталау туралы нормалары Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастын экономика салаларында корпоратившілік ауыстыру шеңберінде Қазақстан Республикасының аумағында еңбек қызметін жүзеге асыратын шетелдіктерге немесе азаматтығы жоқ адамдарға қолданылмайды.

4. Шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған квота жұмыс күшіне пайыздық қатынаста белгіленеді, ол:

- 1) экономикалық қызмет түрлері бойынша шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған квотаны;
- 2) Қазақстан Республикасы ратификациялаған еңбек көші-қоны және еңбекші-мигранттарды әлеуметтік қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы халықаралық шарттар болған кезде, шығу елдері бойынша шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған квотаны;
- 3) еңбекші иммигранттарды тартуға арналған квотаны қамтиды.

5. Шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған квотаны еңбек нарығындағы алдағы жылға (жылдарға) арналған сұраныс пен ұсыныс жағдайының болжамын және мемлекеттік басқарудың тиісті саласына басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органдардың, жергілікті атқарушы органдардың, сондай-ақ жұмыс берушілердің ұсыныстарын ескере отырып, халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган қалыптастырады және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізеді.

**33-бап. Жұмыс берушілердің шетелдік жұмыс күшін тартуы**

1. Жұмыс берушілер тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органдары шетелдік жұмыс күшін тартуға берген рұқсаттар негізінде Қазақстан Республикасында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін шетелдік жұмыс күшін тартады.
  2. Жергілікті атқарушы органдар тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында, еңбек қызметін жүзеге асыру үшін халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бөлген квота шегінде, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастын адамдарды қоспағанда, жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсаттар береді және (немесе) оларды ұзартады не рұқсаттар беруден, ұзартудан бас тартады, сондай-ақ аталған рұқсаттарды тоқтата тұрады және кері қайтарып алады.
  3. Жергілікті атқарушы орган шетелдік жұмыс күшін тартуға берген рұқсат басқа жұмыс берушілерге беруге жатпайды, жұмыс берушінің рұқсат алған шетелдік жұмыскерлердің күнтізбелік бір жыл ішінде жиынтығы күнтізбелік тоқсан күннен аспайтын мерзімге басқа әкімшілік-аумақтық бірліктердің аумағында орналасқан кәсіпорындарға, ұйымдарға іссапарға жіберуін қоспағанда, тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында ғана қолданылады.
  4. Жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсат халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган айқындастын тәртіппен және мерзімге Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген құжаттарды ұсынған және алымды төлеген кезде беріледі және (немесе) ұзартылады.
- Осы тармақтың жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсаттарды бергені және (немесе) ұзартқаны үшін алым төлеу бөлігіндегі ережесі корпоратившілік ауыстыру шенберінде жұмыс істейтін шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға қолданылмайды.
5. Жергілікті атқарушы орган қажетті құжаттар қабылдауды, сондай-ақ жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсаттар беруді және (немесе) ұзартуды халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган айқындаған тәртіппен, оның ішінде рұқсаттар мен хабарламалардың акпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда жүзеге асырады.
  6. Жұмыс беруші рұқсаттар бойынша тартатын шетелдік жұмыс күшінің саны халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган айқындастын қазақстандық кадрлар санының пайыздық қатынасына сәйкес келуге тиіс.
  7. Қазақстан Республикасының аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін жұмыс берушілер тартатын шетелдік жұмыс күшінің білім деңгейі (кәсіби даярлығы) мен практикалық жұмыс тәжірибесі (өтілі) кәсіптік стандарттарға, Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығына және Басшылар, мамандар мен басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығына, ұйымдардың басшылары, мамандары мен басқа да қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкес жұмысшылардың кәсіптеріне және басшылардың, мамандар мен қызметшілердің лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптарына сай келуге тиіс.

**34-бап. Өз бетінше жұмысқа орналасу шенберінде шетелдіктердің немесе азаматтығы жоқ адамдардың еңбек қызметін жүзеге асыруы**

1. Шетелдіктер немесе азаматтығы жоқ адамдар экономикалық басым салаларындағы (экономикалық қызмет түрлеріндегі) сұранысқа ие мамандықтар бойынша өз бетінше жұмысқа орналасуы үшін біліктілігінің сәйкестігі туралы үш айдан аспайтын мерзімге халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган берген анықтамалардың негізінде еңбек шартының мерзімін үш жылдан аспайтын мерзімге ұзарту құқығымен Қазақстан Республикасында еңбек қызметін жүзеге асыра алады.
2. Экономикалық басым салаларындағы (экономикалық қызмет түрлеріндегі) сұранысқа ие кәсіптердің тізбесін еңбек нарығындағы алдағы жылға (жылдарға) арналған сұраныс пен ұсыныс жағдайының болжамын және мемлекеттік басқарудың тиісті саласындағы

басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органдардың, жергілікті атқарушы органдардың, сондай-ақ жұмыс берушілердің ұсныстарын ескере отырып, халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган айқындаиды.

3. Шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам өз бетінше жұмысқа орналасу үшін біліктілігінің сәйкестігі туралы анықтама алу үшін Қазақстан Республикасының шетелдік мекемелеріне халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органға жіберілетін, Қазақстан Республикасында өз бетінше жұмысқа орналасу туралы өтініш береді.

Шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам Қазақстан Республикасында болған жағдайда, өз бетінше жұмысқа орналасу үшін біліктілігінің сәйкестігі туралы анықтама алу үшін шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органға Қазақстан Республикасында өз бетінше жұмысқа орналасу туралы өтініш береді.

4. Анықтама беру тәртібі мен шетелдіктердің немесе азаматтығы жоқ адамдардың біліктілігі және білім деңгейіне қойылатын талаптарды, сондай-ақ өз бетінше жұмысқа орналасу үшін экономиканың басым салаларының (экономикалық қызмет түрлерінің) және олардағы сұранысқа ие кәсіптердің тізбесін мемлекеттік басқарудың тиісті саласындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органдармен келісу бойынша халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бекітеді.

**РҚАО-ның**

**ескертпесі!**

**35-бап 01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі - КР 06.04.2016 № 482-V Заңымен.**

### **35-бап. Корпоративішілік ауыстыру шеңберінде шетелдіктердің немесе азаматтығы жоқ адамдардың еңбек қызметін жүзеге асыруы**

1. Корпоративішілік ауыстыру шеңберінде жұмыс берушілер тартатын шетелдіктер немесе азаматтығы жоқ адамдар еңбек шартында айқындалған, бірақ үш жылдан аспайтын мерзімге, бір жылға ұзарту құқығымен тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте жергілікті атқарушы органды корпоративішілік ауыстыру шеңберінде шетелдік жұмыс күшін тартуға берген рұқсаттар негізінде Қазақстан Республикасында уақытша еңбек қызметін жүзеге асырады.

2. Корпоративішілік ауыстыру шеңберінде жүзеге асырылатын шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсаттар беру шарттары мен тәртібін халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган айқындаиды.

3. Корпоративішілік ауыстыру шеңберінде шетелдіктерді немесе азаматтығы жоқ адамдарды тартатын жұмыс берушілер, олар Қазақстан Республикасының аумағына кіргеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде жазбаша түрде халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті органға мыналар:

1) шетелдіктер немесе азаматтығы жоқ адамдар тартылатын ел мен ұйым;

2) тегін, атын, әкесінің атын (егер ол жеке басын куәландыратын құжаттарда көрсетілсе) көрсете отырып, тартылатын шетелдіктердің немесе азаматтығы жоқ адамдардың саны, әрқайсының білім деңгейі, біліктілігі, мамандығы және жұмыс тәжірибесі;

3) еңбек қызметін жүзеге асыру мерзімі туралы мәліметтерді қамтитын ақпарат жібереді.

4. Менеджерлерді және мамандарды корпоративішілік ауыстыру халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган айқындаитын шетелдіктер немесе азаматтығы жоқ адамдар санының қазақстандық кадрлар санына пайыздық ара қатынасының сақталуы ескеріле отырып жүзеге асырылады.

5. Жергілікті атқарушы органдар корпоративішілік ауыстыру шеңберінде жұмыс істейтін шетелдіктерді немесе азаматтығы жоқ адамдарды есепке алууды жүргізеді.

### **8-тaraу. ХАЛЫҚТЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ЕСЕПТІЛІК**

#### **36-бап. Халықты жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік бақылау**

1. Халықты жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік бақылауды халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган және жергілікті атқарушы органдар тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырады.

2. Тексеру Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

### **37-бап. Халықты жұмыспен қамту саласындағы ведомстволық статистикалық байқау**

- Халықты жұмыспен қамту саласындағы жағдайға, сондай-ақ еңбек нарығындағы ахуалға, оның болжануы мен реттелуіне объективті баға беру үшін халықты жұмыспен қамту туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ведомстволық статистикалық байқау жүргізіледі.
- Еңбек дедалдығымен айналысатын жеке және занды тұлғалар, сондай-ақ шетелдік жұмыс күшін тартатын жұмыс берушілер халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті органға Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде бастапқы статистикалық деректерді беруге міндетті.
- Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті орган мемлекеттік статистика саласындағы үәкілетті органмен, мемлекеттік кіріс органдарымен, ішкі істер органдарымен және республикалық және өнерлік деңгейдегі басқа да мүдделі мемлекеттік органдармен Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен әр тараптың өз функцияларын орындауды үшін қажет болатын есептік құжаттамамен және мәліметтермен өтеусіз негізде алмасады.
- Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті орган халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі үәкілетті органға Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімде бастапқы статистикалық деректерді береді.

### **9-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

### **38-бап. Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық**

Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасын бұзған жеке және занды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады.

### **39-бап. Осы Занды қолданысқа енгізу тәртібі**

1. Осы Зан:

- 2017 жылғы 1 қантардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 30) тармақшасын, 6-баптың 2) тармақшасын, 7-баптың 20), 21), 22) және 23) тармақшаларын, 9-баптың 5) тармақшасын, 31-баптың 3-тармағын, 32-бапты, 33-бапты, 34-бапты және 35-бапты;
- 2017 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін 15-баптың 1-тармағының 4) тармақшасын, 17-баптың 3-тармағының 3) тармақшасын;
- 2018 жылғы 1 қантардан бастап қолданысқа енгізілетін 10-баптың 4) тармақшасын, 17-баптың 2-тармағының 6) тармақшасын және 3-тармағының 2) тармақшасын, 25-бапты, 28-баптың 1-тармағының 7) тармақшасын және 3-тармағының 5) тармақшасын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.
- 2017 жылғы 1 қантарға дейін қолданылатын 7-баптың 5-1) тармақшасын, 10-баптың 4-тармағын, 11-бапты қоспағанда, "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2001 жылғы 23 қантардағы Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 3, 18-құжат; 2004 ж., № 2, 10-құжат; 2005 ж., № 7-8, 19-құжат; № 17-18, 76-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 10, 52-құжат; 2007 ж., № 2, 14, 18-құжаттар; № 3, 20-құжат; № 8, 52-құжат; № 9, 67-құжат; № 15, 106-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 1, 4-құжат; № 9-10, 50-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 8, 41-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 21-құжат; № 10, 86-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 16, 128-құжат; 2012 ж., № 2, 11, 14-құжаттар; № 5, 35-құжат; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 15, 97-құжат; № 20, 121-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 21-22, 114-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 11, 63, 64-құжаттар; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 118, 122-құжаттар; № 23, 143-құжат; 2015 ж., 19-II, 102, 106-құжаттар; № 20-IV, 113-құжат; № 22-V, 152, 154, 158-құжаттар) күші жойылды деп танылсын.

Президенті

Н. Назарбаев